

Тауарлық газды сақтау, жалғастырушы магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 231-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қыркүйекте № 8712 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Тауарлық газды сақтау, жалғастырушы магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Магистралдық және (немесе) бөлуші труба құбырлары арқылы газды немесе газ конденсатын сақтау, тасымалдау, газ бөлуші құрылғыларды және олармен байланысты газ бөлуші газ құбырларын пайдалану жөнінде қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындарды және іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2004 жылғы 26 тамыздағы № 360-НҚ бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3117 нөмірмен тіркелген "Ресми газетте" 2004 жылғы 6 қазанда № 44 нөмірінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Құбыржолдары және су кәрізі жүйелері саласындағы реттеу департаменті (А.Г. Асқарова):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (С.П. Базарбаев) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды қамтамасыз етсін, кейін жарияланғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Заң департаментіне (С.С. Метенова) ұсынсын;

2) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының, сондай-ақ тауарлық газды сақтау, жалғастырушы магистральдық газ құбыржолдары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.Ә. Алпысбаевқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

М. Оспанов

"КЕЛІСІЛГЕН":

Қазақстан Республикасының
Мұнай және газ министрі
_____ Ұ. Қарабалин

2013 жылғы 16 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН":

Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі төрағасының
міндетін атқарушы
_____ Ж. Жарқынбаев

2013 жылғы 25 шілде

"КЕЛІСІЛГЕН":

Қазақстан Республикасының
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
міндетін атқарушы
_____ М. Құсайынов

2013 жылғы 9 тамыз

Қазақстан Республикасының
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі төрағасының
2013 жылғы 26 шілдедегі
№ 231-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Тауарлық газды сақтау, жалғастырушы магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағидалардың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарлық газды сақтау, жалғастырушы магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің

кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау қызметтеріне тарифтер қалыптастыру мақсаты үшін бөлек есепке алуды жүргізудің тәртібі мен негізгі қағидаттарын айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Бөлек есепке алу реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және жалпы өзге қызмет бойынша кірістер, шығындар мен тартылған активтер туралы ақпаратты жинау мен қорыту жүйесін, сондай-ақ газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымдардың табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосына (бұдан әрі – уәкілетті орган) кірістер, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу туралы мәліметтерді (бұдан әрі – Мәліметтер) кезең-кезеңмен жасауын және ұсынуын білдіреді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Бөлек есептің негізгі қағидаттары:

1) кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бастапқы құжаттар деректерінің негізінде тиісті қызметтерге кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді тікелей жатқызу мүмкіндігі кезінде тікелей жатқызу басымдығы;

2) кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді тиісті қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің олар байланысқан сол бір қызметтермен себеп-салдарлық байланыстарының негізінде бөлу;

3) кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді қызметтердің реттеліп көрсетілетін және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін түрлеріне жатқызу кезіндегі ашықтық.

4. Газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымдарының бөлек есепті жүргізуі кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес қызметтердің реттеліп көрсетілетін түрлері бойынша және жалпы өзге қызмет бойынша бөлуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бөлу базасы - шығындар, қолданысқа енгізілген активтер, негізгі құралдар мен қызметтер топтарының арасындағы тәуелділікті көрсететін көрсеткіш;

2) бірлескен шығындар - бірнеше қызметтерді (қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдарлық байланысы жоқ, сондықтан осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен айқындалатын белгілі бір бөлу базасының негізінде бөлінетін шығындар;

3) бірлескен қолданысқа енгізілген активтер - бірнеше қызметтерді (қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдарлық байланысы жоқ, сондықтан осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен айқындалатын белгілі бір бөлу базасының негізінде бөлінетін қолданысқа енгізілген активтер;

4) газ құбыржолдары-тарамдары - магистральдық газ құбыржолынан газ тарату станциясына дейін газды тасымалдауды қамтамасыз ететін газ құбыржолдары;

5) газ тарату станциясы - магистральдық газ құбыржолының газ құбыржолында-тарамында құрастырылатын, қысымды төмендетуді қамтамасыз ететін құрылыс;

6) газ тарату қондырғысы – газ тарату құбыржолында қысымды төмендетуді қамтамасыз ететін құрылыс;

7) жалпы шығындар - барлық қызметтерді ұсынуымен байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдарлық байланысы жоқ, сондықтан осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен айқындалатын бөлу базасының негізінде бөлінетін шығындар;

8) жалпы қолданысқа енгізілген активтер - барлық қызметтерді ұсынумен байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай да бір белгілі себеп-салдарлық байланысы жоқ, сондықтан осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен айқындалатын бөлу базасының негізінде бөлінетін қолданысқа енгізілген активтер;

9) қолданысқа енгізілген активтер - негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді қамтитын белгілі бір қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымдарының активтері;

10) қызметтерді сыртқы пайдаланушылар - газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымдарының сыртқы қызметтерін пайдаланушылар. Қызметтердің сыртқы пайдаланушыларына қызметтерді сыртқы соңғы емес, сыртқы соңғы, сыртқы өзге де пайдаланушылар жатады;

11) қызметтерді сыртқы соңғы пайдаланушылар - Қазақстан Республикасының аумағында газды тұтынушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлғалар;

12) қызметтерді сыртқы соңғы емес пайдаланушылар - басқа газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында газ өткізуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар;

13) қызметтерді сыртқы өзге де пайдаланушылар - газ транзиті мен оны экспортқа тасымалдау қызметтерін қоса алғанда, газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымдар көрсететін өзге қызметтерді тұтынушылар;

14) қызметтерге жанама шығындар - бірден бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) себеп-салдарлық байланысы бар, сондықтан белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызылмаған, бірақ қызметтерге белгілі бір бөлу базасының негізінде бөлінген шығындар;

15) қызмет бағыттарының элементтеріне жанама шығындар - бірден бірнеше қызмет бағыттарының элементтерімен себеп-салдарлық байланысы бар, сондықтан белгілі бір қызметке не қызмет бағыттарының элементтеріне тікелей және бір мәнді жатқызылмаған, бірақ қызмет бағыттарының элементтеріне белгілі бір бөлу базасының негізінде бөлінген шығындар;

16) қызметтер көрсету кезінде жанама қолданысқа енгізілген активтер - бірден бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) себеп-салдарлық байланысы бар, сондықтан белгілі бір қызметке тікелей және бір мәнді жатқызылмаған, бірақ қызметтерге белгілі бір бөлу базасының негізінде бөлінген қолданысқа енгізілген активтер;

17) қызмет бағыттарының элементтеріне жанама қолданысқа енгізілген активтер - бірден бірнеше қызмет бағыттарының элементтерімен себеп-салдарлық байланысы бар, сондықтан белгілі бір қызметке немесе қызмет бағыттарының элементіне тікелей және бір мәнді жатқызылмаған, бірақ қызмет бағыттарының элементтеріне белгілі бір бөлу базасының негізінде бөлінген қолданысқа енгізілген активтер;

18) қызмет бағыттары - қызметтер көрсетуге дербес те, бір-бірімен өзара іс-қимылда да қатысатын қызметтер өндірісінің белгілі бір процесінің жиынтығы ;

19) қызмет көрсететін процестер - нәтижесі өндірістік процестер мен менеджмент процестеріне қызмет көрсету болып табылатын қызметтер өндіру процестері;

20) қызметтер өндіру процестері – газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымдарының қызметіндегі белгілі бір іс-әрекеттердің бірізділігі, түпкілікті мақсаты қызметтер көрсетуге оның ресурстарын пайдалану.

Қызметтер өндіру процестерінің мынадай топтарын айырады: өндірістік процестер, қызмет көрсетуші процестер және менеджмент процесі;

21) қызметтерге тікелей шығындар - белгілі бір қызметпен тікелей байланысы бар, сондықтан белгілі бір қызметке тікелей жатқызылған шығындар;

22) қызмет бағыттарының элементтеріне тікелей шығындар - қызметтер бағыттарының белгілі элементтерімен тікелей байланысы бар, сондықтан қызмет бағыттарының белгілі бір элементіне тікелей жатқызылған шығындар;

23) қызметтер көрсету кезінде тікелей қолданысқа енгізілген активтер - белгілі бір қызметпен тікелей байланысы бар, сондықтан белгілі бір қызметке тікелей жатқызылған қолданысқа енгізілген активтер;

24) қызмет бағыттарының элементтеріне тікелей қолданысқа енгізілген активтер - қызмет бағыттарының белгілі бір элементтерімен тікелей байланысы бар, сондықтан қызмет бағыттарының белгілі бір элементтеріне тікелей жатқызылған қолданысқа енгізілген активтер;

25) қызмет бағытының элементтері – қызметтерді, оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын, оларды бағалау мен құнын және олармен байланысты шығындарды қызмет бағыттарына бөлу үшін біріктірілген кейін реттеліп көрсетілетін және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтердің түрлеріне бөлінетін негізгі құралдар тобы;

26) менеджмент процестері - барлық кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған кәсіпорын қызметін талдауды, іс-қимылын үйлестіруді қамтитын қызметтерді өндіру процестері;

27) өндірістік процестер - қызметтерді өндіруге және көрсетуге тікелей бағытталған процестер;

28) сыртқы қызметтер - газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымдарының қызметтері, оның ішінде сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын реттеліп көрсетілмейтін қызметтер;

29) тауар тасымалдау жұмысы (ТТЖ) - тауарлық газды магистральдық газ құбыржолдары арқылы тасымалдау жөніндегі құбыржолының тасымалдау жұмысының көлемі (тасымалдау қашықтығына 1000м³ табиғи газды тасымалдау жиынтығының көбейтіндісі ретінде айқындалады);

30) трансферттік төлемдер - көрсетілген ішкі қызметтер көлемінің құндық көрінісі;

31) трансферттік таксалар - көрсетілген ішкі қызметтердің бірлігіне шығындардың құндық көрінісі;

32) шартты кірістер - ішкі қызметтердің көлемін трансферттік таксаға көбейту жолымен айқындалатын ішкі қызметтердің көрсетілген көлемінің құны;

33) ішкі қызметтер - газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымдары қызметінің бір бағытымен өндірілетін және алдағы уақытта осы ұйым

қызметінің басқа бағыттарымен сыртқы қызметтер көрсету мақсатында тұтынылатын қызметтер;

34) экономикалық ресурстар - өндірістік-шаруашылық қызметте пайдаланылатын табиғи (шикізат, геофизикалық), еңбек (адам капиталы), капитал (нақты капитал - негізгі құралдар), айналым қаражаттары (материалдар), ақпараттық ресурстар, қаржы (ақша капиталы) ресурстарына бөлінетін көздер, қаражат жиынтығы;

35) экономикалық негізделген шығындар - газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымының операциялық (қалыпты) қызметін, қолданысқа енгізілген активтерге салынған қолданыстағы капитал және қолданысқа енгізілген активтердің ұдайы өндірісіне амортизациялық аударымдар бойынша өтеуді қамтамасыз етумен байланысты газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымының шығындары.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар табиғи монополиялар туралы заңнамаға және "Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жанама шығындарды және жанама қолданысқа енгізілген активтерді қызметтердің реттеліп көрсетілетін түрлері бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтерге бөлу үшін газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымының кірістері, шығындары мен қолданысқа енгізілген активтері қызмет бағыттары бойынша топталады.

Қызмет бағыттарының мынадай түрлері бөлінеді:

- 1) газ қоймаларын пайдалану;
- 2) магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдарын пайдалану;
- 3) газ тарату жүйелерін (газ тарату газ құбыржолдары) және газ тарату құрылғыларын пайдалану;
- 4) бөлшек қызмет;
- 5) өзге қызмет.

Газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымдардың қызмет бағыттарының схемасы осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетіледі.

7. Газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымдардың табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтің басқа да түрлерін (тауарлық газды жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары

арқылы тасымалдау қызметтерін көрсетуден басқа) жүзеге асыруы кезінде газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымдар осындай қызмет түрлеріне сәйкес келетін қызмет көрсету процестерінің тобын бөледі және олар бойынша бөлек есепті уәкілетті органның осындай қызмет түрлері бойынша бөлек есеп жүргізу жөніндегі нормативтік құжаттарын басшылыққа ала отырып, жүзеге асырады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. "Газ қоймаларын пайдалану" қызметінің бағыты газ қоймаларын ұстау мен пайдалану қызметтерін көрсету процестерімен байланысты. "Газ қоймаларын пайдалану" бағыты ішкі және сыртқы қызметтерді көрсетеді.

Ішкі қызметтерге "Магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбырларын пайдалану" қызметінің бағытына көрсетілетін қызметтер жатады - газдың технологиялық қоры ретінде магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолына айдауға арналған газды сақтау.

Сыртқы қызметтерге:

сыртқы түпкілікті емес пайдаланушыларға газды сақтау қызметі түрінде;

сыртқы өзге пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының аумағынан тыс тұтыну үшін арналған газды сақтау қызметтері бойынша көрсетілетін қызметтер жатады.

"Газ қоймаларын пайдалану" қызметі бағытының кірістері ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер түріндегі шартты кірістер мен сыртқы қызметтер көрсетуден түскен кірістерді қамтиды. Сыртқы қызметтер көрсетуден кірістер бастапқы құжаттардың деректері бойынша айқындалады. Ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер ішкі қызметтердің көрсетілген көлемдеріне және осы қызметтер бойынша трансферттік таксаларға сүйене отырып айқындалады.

"Газ қоймаларын пайдалану" қызметі бағытының шығындары "Газ қоймаларын пайдалану" қызметі бағытының элементтерін пайдалануға, ұстауға және оларға қызмет көрсетуге байланысты шығындарды және қызметтің басқа бағыттарынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерді қамтиды.

"Газ қоймаларын пайдалану" қызметі бағытының қолданысқа енгізілген активтерінің құрамына газ қоймалары, газ қоймаларындағы буферлік газ, газ қоймаларына дейін газ тарамдары, газ қоймаларындағы компрессорлық станциялар, газ қоймаларындағы қысымды өлшеу үшін қолданылатын өлшеуіш және реттеуіш құрылғылар және осы қызмет бағытының тиісті элементтерімен қолданысқа енгізілген басқа да активтер енгізіледі.

9. "Магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдарын пайдалану" қызметінің бағыты магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ

құбыржолдарын, газ тарату станцияларын және газ құбыржолдарын – олардың тарамдарын ұстау мен пайдалануды қамтамасыз ететін қызметтерді көрсету процестерімен байланысты. "Магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдарын пайдалану" қызметінің бағыты ішкі және сыртқы қызметтерді көрсетеді.

Ішкі қызметтерге:

"Газ қоймаларын пайдалану", "Газ тарату жүйелерін (газ тарату газ құбыржолдары) және газ тарату құрылғыларын пайдалану" қызметінің бағыттарына аталған қызмет бағыттарын технологиялық процестермен қамтамасыз ету үшін сумен жабдықтау, электр энергиясымен жабдықтау, электр энергиясын беру және тарату, жылу энергиясымен жабдықтау, телекоммуникация жабдықтарын пайдалану;

"Өзге қызмет" қызметінің бағытына кейін сыртқы өзге пайдаланушыларға өткізуге арналған сумен жабдықтау, электр энергиясымен жабдықтау, электр энергиясын беру және тарату, жылу энергиясымен жабдықтау, телекоммуникация жабдықтарын пайдалану қызметтері түрінде көрсетілетін қызметтер жатады.

Газ тасымалдау ұйымында газ тарату құбыржолдары болған жағдайда "Магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдарын пайдалану" қызметінің бағыты "Газ тарату құбыржолдарын (газ тарату газ құбыржолдары) және газ тарату қондырғыларын пайдалану" қызметі бағыты үшін ішкі қызметтер ретінде газ құбыржолдары-тарамдары арқылы газды тасымалдау және газдың қысымын төмендету қызметтерін көрсетеді.

Сыртқы қызметтерге:

сыртқы соңғы және сыртқы соңғы емес пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының аумағында тұтыну үшін газды магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметтерінің түрінде;

сыртқы өзге пайдаланушыларға газды экспортқа тасымалдау қызметтерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге арналған газды магистральдық газ құбыржолдары арқылы тасымалдау қызметтерінің түрінде көрсетілетін қызметтер жатады.

"Магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдарын пайдалану" қызметі бағытының кірістері ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден түскен шартты кірістерден және сыртқы қызметтерді көрсетуден түскен кірістерден тұрады. Сыртқы қызметтерді көрсетуден түскен кірістер бастапқы құжаттардың деректері бойынша айқындалады. Ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер ішкі қызметтердің көрсетілген көлемдеріне және осы қызметтер көрсетілген трансферттік таксаларға сүйене отырып айқындалады.

"Магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдарын пайдалану" қызметі бағытының шығындары "Магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдарын пайдалану" қызметі бағытының элементтерін пайдалануға, ұстауға және оларға қызмет көрсетуге байланысты шығындардан және қызметтің басқа бағыттарынан түскен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден тұрады.

"Магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдарын пайдалану" қызметі бағытының қолданысқа енгізілген активтерінің құрамына магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдарының компрессорлық станциялары, магистральдық құбыржолдары, катод станциялары, газ тарату станциялары, газ тарату станцияларына дейін газ тарамдары, су сорғы станциялары, электр станциялары, қазандықтар, электр беру желілері мен "Магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдарын пайдалану" қызметінің бағытында қолданысқа енгізілген басқа да активтер енгізіледі.

10. "Газ тарату жүйелерін (газ тарату газ құбыржолдарын) және газ тарату қондырғыларын пайдалану" қызметінің бағыты жоғары, орта, төмен қысымдағы газ тарату жүйелерін және газ тарату қондырғыларын (шағын станциялар, шкафтар, тораптар және т.б.) пайдалану процестеріне байланысты. "Газ тарату жүйелерін (газ тарату газ құбыржолдарын) және газ тарату қондырғыларын пайдалану" қызметінің бағыты ішкі және сыртқы қызметтерді көрсетеді.

Ішкі қызметтерге:

"Бөлшек қызмет" қызметінің бағытына оларды кейін сыртқы соңғы пайдаланушыларға көрсетілетін қызметтер түрінде өткізу үшін газ тарату құбыржолдары арқылы газ тасымалдау және тарату қондырғыларын пайдалану қызметтері;

"Өзге қызмет" қызметінің бағытына оларды кейін сыртқы соңғы пайдаланушыларға көрсетілетін қызметтер түрінде сумен жабдықтау, электр энергиясын беру және тарату, жылу энергиясымен жабдықтау, электр энергиясымен жабдықтау қызметтері жатады.

Сыртқы қызметтерге сыртқы соңғы емес пайдаланушыларға көрсетілетін газ тарату жүйелері (газ тарату газ құбыржолдары) арқылы газ тасымалдау және газ тарату қондырғыларын пайдалану қызметтері жатады.

"Газ тарату жүйелерін (газ тарату газ құбыржолдарын) және газ тарату қондырғыларын пайдалану" қызметі бағытының кірістері ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден түскен шартты кірістерден және сыртқы қызметтерді көрсетуден түскен кірістерден тұрады. Сыртқы қызметтерді көрсетуден түскен кірістер бастапқы құжаттардың деректері бойынша айқындалады. Ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер көрсетілген ішкі қызметтер көлемдеріне және осы қызметтер көрсетілген трансферттік таксаларға сүйене отырып айқындалады.

"Газ тарату жүйелерін (газ тарату газ құбыржолдарын) және газ тарату қондырғыларын пайдалану" қызметі бағытының шығындары "Газ тарату жүйелерін (газ тарату газ құбыржолдарын) және газ тарату қондырғыларын пайдалану" қызметі бағытының элементтерін пайдалануға, ұстауға және оларға қызмет көрсетуге байланысты шығындардан және қызметтің басқа бағыттарынан түскен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден тұрады.

"Газ тарату жүйелерін (газ тарату газ құбыржолдарын) және газ тарату қондырғыларын пайдалану" қызметі бағытының қолданысқа енгізілген активтерінің құрамына газ тарату жүйелері (газ тарату газ құбыржолдары), жоғары, орта, төмен қысымдағы газ тарату жүйелерін және газ тарату қондырғыларын (шағын станциялар, шкафтар, тораптар және т.б.), тұтынушылардың газды қабылдау пунктеріндегі газдың қысымын есепке алу мен бақылау аспаптары, су сорғы станциялары, электр станциялары, қазандықтар, электр беру желілері мен "Магистральдық газ құбыржолдарын пайдалану" қызметі бағытында қолданысқа енгізілген басқа да активтер енгізіледі.

11. "Бөлшек қызмет" қызметінің бағыты қызметтердің сыртқы соңғы пайдаланушыларына газ таратушы ұйымдардың қызметтерді өткізуді қамтамасыз ететін қызметтерді көрсету процестерімен байланысты. "Бөлшек қызмет" қызметінің бағытымен сыртқы соңғы пайдаланушыларға ұсынылатын сыртқы қызметтерге газ тарату жүйелері (газ тарату газ құбыржолдары) арқылы газ тасымалдау және газ тарату қондырғыларын пайдалану қызметтері жатады.

"Бөлшек қызмет" қызметі бағытының кірістері сыртқы соңғы пайдаланушыларға қызметтер көрсетумен байланысты кірістерден тұрады. "Бөлшек қызмет" қызметі бағытының кірістері көрсетілетін қызметтердің көлемдеріне және осы қызметтер көрсетілген бағаларға (тарифтерге) сүйене отырып, бастапқы құжаттардың негізінде айқындалады.

"Бөлшек қызмет" қызметі бағытының шығындары сыртқы қызметтерді өткізумен байланысты шығындардан, сондай-ақ "Газ тарату жүйелерін (газ тарату газ құбыржолдарын) және газ тарату қондырғыларын пайдалану" қызмет бағыты ұсынатын тұтынылатын ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден тұрады.

"Бөлшек қызмет" қызметі бағытының қолданысқа енгізілген активтерінің құрамына сыртқы соңғы пайдаланушыларға сыртқы қызметтерді өткізумен байланысты активтер енгізіледі.

12. "Өзге қызмет" қызметінің бағыты сыртқы соңғы пайдаланушыларға көрсетілетін қызметтерді өткізуді қамтамасыз ететін қызметтерді көрсету процестеріне байланысты.

"Өзге қызмет" қызметі бағыты сыртқы өзге пайдаланушыларға ұсынатын сыртқы қызметтерге:

казандықтардың жылу энергиясын өндіруі;
электр және (немесе) жылу энергиясын беру және (немесе) тарату;
сумен жабдықтау қызметтері;

газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымдар сыртқы өзге пайдаланушыларға ұсынатын қызметтердің басқа да түрлері жатады.

"Өзге қызмет" қызметі бағытының кірістері сыртқы өзге пайдаланушыларға қызметтерді көрсетумен байланысты кірістерден тұрады. "Өзге қызмет" қызметі бағытының кірістері бастапқы құжаттардың негізінде көрсетілген қызметтердің көлемдеріне және осы көрсетілген қызметтердің бағаларына (тарифтеріне) байланысты айқындалады.

"Өзге қызмет" қызметі бағытының шығындары сыртқы өзге пайдаланушыларға қызметтерді өткізумен байланысты шығындарды, сондай-ақ "Магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдарын пайдалану", "Газ тарату жүйелерін (газ тарату газ құбыржолдарын) және газ тарату қондырғыларын пайдалану" қызметтерінің бағыттары ұсынып алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерді қамтиды.

"Өзге қызмет" қызметі бағытының қолданысқа енгізілген активтерінің құрамына сыртқы өзге пайдаланушыларға қызметтерді өткізумен байланысты активтер енгізіледі.

13. Кірістердің, шығындар мен тартылған активтердің бөлек есебін жүргізу, реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және жалпы өзге қызмет бойынша қызметтің әрбір бағытының шеңберінде жүргізіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.05.2018 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. 8-12-тармақтарда көзделмеген қызметтерді көрсету кезінде оларды ішкі және сыртқы қызметтерге жатқызуды газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымдар осы Қағидалардың 5-тармағының 28) және 33) тармақшаларында белгіленген ұғымдардың негізінде дербес жүргізеді.

2. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құрылымы

15. Кірістерді реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша бөлу бөлек есептің негізгі қағидаттары ескеріле отырып жүргізіледі. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсетуден түскен кірістер тиісті реттеліп көрсетілетін қызметтер түрлерінің қалыптасқан көлемдеріне және осы қызметтерге белгіленген бағаларға (тарифтерге) сүйене отырып айқындалады.

16. Қызметтер көрсетуден түскен кірістер бастапқы құжаттар деректерінің негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілмейтін қызметтер бойынша тікелей жатады.

17. Бөлек есептің мақсаттары үшін шығындар реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша ескеріледі. Егер сыртқы қызметтерді көрсету кезінде ішкі қызмет пайдаланылған жағдайда, онда реттеліп көрсетілетін қызмет шығынының құрамында ішкі қызмет үшін трансферттік төлемдер ескеріледі.

18. "Газ сақтау қорларын пайдалану" қызметі бағытымен реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну шығындары "Магистральдық газ құбыржолдарын пайдалану" қызметінің бағытынан түскен ішкі қызметтердің трансферттік төлемдерінен, сондай-ақ осы қызметтерді көрсетумен байланысты басқа да шығындардан жинақталады.

19. "Магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдарын пайдалану" қызметі бағытымен реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну шығындары "Газ сақтау қоймаларын пайдалану" қызметінің бағытынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден, сондай-ақ осы қызметтерді көрсетумен байланысты басқа да шығындардан жинақталады.

20. "Газ тарату жүйелерін (газ тарату газ құбыржолдарын) және газ тарату қондырғыларын пайдалану" қызметі бағытымен реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну шығындары газ тарату жүйелерін (газ тарату газ құбыржолдарын) және газ тарату қондырғыларын пайдаланумен байланысты шығындардан, сондай-ақ "Магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдарын пайдалану" қызметінің бағытынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден жинақталады.

21. "Бөлшек қызмет" қызметі бағытымен реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну бойынша шығындар, осы қызметтерді өткізумен байланысты шығындардан, сондай-ақ "Газ тарату жүйелерін (газ тарату газ құбыржолдарын) және газ тарату қондырғыларын пайдалану" қызметі бағытынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден жинақталады.

22. "Өзге қызмет" қызметінің бағытымен реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрін ұсыну шығындары осы қызметтерді пайдаланумен байланысты шығындардан, сондай-ақ "Магистральдық және (немесе) жалғастырушы газ құбыржолдарын пайдалану", "Газ тарату жүйелерін (газ тарату газ құбыржолдарын) және газ тарату қондырғыларын пайдалану" қызметінің бағыттарынан алынған ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден жинақталады.

23. Бөлек есептің мақсаттары үшін қолданысқа енгізілген активтер осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша бөлінеді. Ішкі қызметтердің түрлері бойынша қолданысқа

енгізілген активтер, егер реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде ішкі қызметтер пайдаланылған жағдайда бөлінеді.

24. Қолданысқа енгізілген активтерге осы қызмет бағытына тікелей қолданысқа енгізілген активтер, сондай-ақ қызметтің басқа бағытынан алынған ішкі қызметтерді көрсету кезінде қолданысқа енгізілген активтердің тиісті теңгерімдік құны жатады.

3. Қызметтердің түрлері бойынша шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу тәртібі

25. Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтер тікелей, жанама, бірлескен және жалпы болып бөлінеді.

26. Шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің сыртқы қызметтермен тікелей байланыстары болған кезде, жасалған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құнын осындай сыртқы қызметтерге тікелей жатқызу жүргізіледі, жанама байланыс болған кезде - жасалған шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің құны бөлу базасының негізінде жанама бөлінеді. Газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымының қызметтеріне шығындар мен активтерді бөлу схемасы осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетіледі.

Газ тасымалдаушы және (немесе) газ таратушы ұйымының қызметтеріне шығындар мен активтерді бөлу схемасы мына кезеңдер бойынша бірізділікпен жүргізіледі:

1) бірінші кезеңде экономикалық ресурстар бойынша шығындар мен активтерді топтастыру оларды тиісті экономикалық ресурстарға тікелей жатқызу және жанама бөлу жолымен жүргізіледі. Экономикалық ресурстарға шығындар мен активтердің белгіленген бөлу базасының ең аз тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

2) екінші кезеңде шығындар мен активтерді көрсетілетін қызметтердің (өндірістік, қызмет көрсететін, менеджмент) тиісті процестеріне тікелей жатқызу және жанама бөлу экономикалық ресурстардың осы көрсетілетін қызметтердің процестерімен тікелей және жанама байланыстарын айқындау жолымен жүргізіледі. Көрсетілетін қызметтердің процестеріне экономикалық ресурстардың белгіленген бөлу базасының ең аз тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

3) үшінші кезеңде қызмет көрсету процестерімен байланысты шығындар мен активтерді өндірістік процестері мен менеджмент процестеріне тікелей жатқызу және жанама бөлу жүргізіледі. Өндірістік процестер мен менеджмент

процестеріне қызмет көрсету процестерінің белгіленген бөлу базасының ең аз тізбесі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

4) төртінші кезеңде өндірістік процестермен байланысты шығындар мен активтерді сыртқы қызметтерге және қызмет бағытының элементтеріне тікелей жатқызу және жанама бөлу жүргізіледі. Сыртқы қызметтерге және қызмет бағытының элементтеріне өндірістік процестермен байланысты шығындар мен активтердің белгіленген бөлу базасының ең аз тізбесі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

5) бесінші кезеңде менеджмент процестерімен байланысты шығындар мен активтерден қызмет бағытының элементтерімен байланысты бірлескен шығындар мен активтерді айыру және оларды уәкілетті органмен келісілген бөлу базасының негізінде бөлу жүзеге асырылады;

6) алтыншы кезеңде қызмет бағыттарымен көрсетілетін ішкі және сыртқы қызметтерге қызмет бағыты элементтерінің шығындарын тікелей жатқызу мен жанама бөлу және активтердің қолданысқа енгізілу дәрежесін айқындау жүргізіледі. Қызметтерге қызмет бағыты элементтерінің белгіленген бөлу базасының ең аз тізбесі осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген;

7) жетінші кезеңде сыртқы қызметтермен байланысты менеджмент процестерінің жалпы және бірлескен шығындары мен активтерін уәкілетті органмен келісілген бөлу базаларының негізінде сыртқы қызметтердің тиісті түрлеріне бөлу жүзеге асырылады;

8) сегізінші кезеңде ішкі қызметтерді тиісті сыртқы қызметтерге жатқызу және сыртқы қызметтерді кезең бойынша ұсыну шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін жиынтықтау жүргізіледі. Ішкі қызметтерді тиісті сыртқы қызметтерге жатқызу және сыртқы қызметтерді кезең бойынша ұсыну шығындары мен қолданысқа енгізілген активтерін жиынтықтау осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келтірілген.

